

"Кәбілдік кәрізді пайдалануға беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 120, "Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы", Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушының 2019 жылғы 29 шілдедегі № 180/НҚ бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 23 қаңтардағы № 22/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 24 қаңтарда № 31761 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Кәбілдік кәрізді пайдалануға беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 120 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13328 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кәбілдік кәрізді пайдалануға беру қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушының 2019 жылғы 29 шілдедегі № 180/НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19118 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Зан) 8-бабының 6) тармақшасына сәйкес әзірленді және табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру тәртібін айқындайды.";

76 және 77-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"76. Тендерге қатысуға ниет білдірген занды тұлға болып табылатын әлеуетті өнім берушінің тендерлік өтінімі:

1) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша тендерге қатысуға арналған өтінімді;

2) әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды:

Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған, олар туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын лицензиялар, рұқсаттар (хабарламалар) қағаз түрінде немесе электрондық құжат түрінде. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған кезде әлеуетті өнім беруші тиісті рұқсаттың (хабарламаның), лицензияның нотариалды куәландырылған көшірмесін ұсынады;

Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған, олар туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын, әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өндіруге, қайта өндіруге, жеткізуғе және өткізуғе құқығын растайтын патенттер, куәліктер, сертификаттар, дипломдар және (немесе) құжаттар көшірмесін;

заңды тұлғаның жарғысының (құрылтай шарттының) басшының немесе оны алмастыратын тұлғаның қолымен расталған көшірмесін;

бірінші басшы немесе оның орнын алмастыратын тұлға, сондай-ақ бас бухгалтер (бухгалтер) қол қойған қосымшаларымен соңғы қаржы жылындағы бухгалтерлік тендерімін;

"Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 2-тармағына сәйкес міндетті түрде аудитті өткізу белгіленген заңды тұлғалардың соңғы қаржылық жыл үшін аудиторлық есебінің түпнұсқасын немесе нотариалды куәландырылған көшірмесін;

конверттерді ашу күнінің алдындағы күнтізбелік отыз күн өткеннен кейін берілген құрылтай шарттарының немесе акциялар ұстаушылардың тізілімінен үзінді көшірмесін ;

тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашқан күнге дейін үш ай өткеннен кейін берілген салық төлеушіде Қазақстан Республикасы бойынша салық берешегінің, міндетті зейнетақы журналары, міндетті кәсіптік зейнетақы журналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ (бар) екені туралы мәліметтерді;

егер әлеуетті өнім беруші қосылған құн салығын (бұдан әрі – ҚКС) төлеуші болып табылған жағдайда, қосымша құн салығы бойынша есепке қою туралы қуәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі немесе электрондық құжаттың қағаз көшірмесін;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы және "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысына (бұдан әрі – Ұлттық Банк Басқармасының қаулысы) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 болып

тіркелген) (егер әлеуettі өнім беруші екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе филиалдардың, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылса, осы анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады) сәйкес банктің немесе банк филиалының алдындағы міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан астам созылған мерзімі өткен берешектің жоқтығы туралы әлеуettі өнім берушіге қызмет көрсетілетін банктің немесе банк филиалының қол және мөр қойылған анықтамаларын қамтиды. Бұл ретте тендерлік өтінімдері бар конверттерді ашу күннің алдындағы бір айдан ерте емес берілген анықтама ұсынылады. Анықтамаға банктің бірінші бешшысы не оны алмастыратын тұлға осы анықтамаларға қол қою құқығын беру туралы құжаттың көшірмесін қоса бере отырып қол қояды.

Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын және Қазақстан Республикасының салық төлеушісі ретінде тіркелмеген әлеуettі өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті емес екенін және салық есебінде жоқ екенін растайтын Қазақстан Республикасы мемлекеттік кіріс органдарының тиісті құжаттының түпнұсқасын немесе нотариат куәландырған көшірмесін береді;

3) ілеспе көрсетілетін қызметтердің құнын қоса алғанда, жеткізілетін тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің соңғы бағасын құрайтын әлеуettі өнім берушінің барлық нақты шығынын қамтитын осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша берілген әлеуettі өнім беруші ұсынатын бағаны;

4) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын, тауарларды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімдерін және (немесе) көлемдерін, тауарға қызмет көрсетуге, тауарды пайдалануға шығыстарға, тауарды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету шарттарын сипаттай отырып, техникалық ерекшелікті қамтиды.

Жобалық-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуettі өнім беруші белгіленген тәртіппен бекітілген жобалық-сметалық құжаттаманың шарттарымен келісу туралы хат береді;

5) тендерлік өтінімді қамтамасыз етудің енгізілуін растайтын құжатты;

6) соңғы үш жылда тауарларды (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) ұқсас сатып алу бойынша бұрын орындалған шарттар туралы ақпаратты;

7) егер мұндай талаптар техникалық ерекшелікте белгіленген болса, әлеуettі өнім беруші жұмыскерлерінің біліктілік сәйкестігі туралы ақпаратты;

8) әлеуettі өнім беруші жүргізілетін сатып алудың нысанасы болып табылатын жұмыстарды орындау не қызметтерді көрсету үшін қосалқы мердігерлерге (бірлескен орындаушыларға) беруі мүмкін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің шекті көлемін қамтиды.";

77. Тендерге қатысуға ниет білдірген жеке кәсіпкер болып табылатын әлеуettі өнім беруші беретін ұсынатын тендерлік өтінім:

1) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес 2 нысан бойынша тендерге қатысуға өтінімді және кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімінен үзінді көшірмені;

2) әлеуettі өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды:

сатып алынатын тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді өндіруге, өндеуге, жеткізуғе және өткізуғе әлеуettі өнім берушінің құқығын растайтын лицензиялардың және (немесе) патенттердің, куәліктердің, басқа құжаттардың нотариалды қуәланырылған көшірмелерін;

занды тұлға құрмай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін, тиісті мемлекеттік орган берген құжаттың нотариалды қуәланырылған көшірмесін;

Ұлттық Банк Басқармасының қаулысына сәйкес банкке немесе банк филиалына анықтама беру күнінің алдында үш айдан астамға созылатын әлеуettі өнім беруші міндеттемелерінің барлық түрлери бойынша мерзімі өткен берешегінің жоқтығы туралы әлеуettі өнім берушіге қызмет көрсететін банктің немесе банк филиалының қол қойылған және мөр басылған анықтамасын (егер әлеуettі өнім беруші екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе филиалдардың, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылса, осындай банктердің әрқайсысынан осындай анықтамаларды) қамтиды. Бұл ретте тендерлік өтінімдері бар конверттерді ашу күнінің алдындағы бір айдан ерте емес берілген анықтама ұсынылады. Анықтамаға банктің бірінші басшысы не оны алмастыратын тұлға осы анықтамаларға қол қою құқығын беру туралы құжаттың көшірмесін қоса бере отырып қол қояды.

тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу күніне дейін үш айдан бұрын берілген Қазақстан Республикасы бойынша салық төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді;

3) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылған және жеткізілетін тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің түпкілікті бағасын қурайтын әлеуettі өнім берушінің барлық нақты шығындарын қамтитын әлеуettі өнім беруші ұсынатын бағаны;

4) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын, тауарларды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімдерін және (немесе) көлемдерін, тауарға қызмет көрсетуге, тауарды пайдалануға шығыстарға, тауарды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзіміне және (немесе) көлемдерін сипаттай отырып, техникалық ерекшелікті қамтиды.

Жобалық-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуettі өнім беруші белгіленген тәртіппен бекітілген жобалық-сметалық құжаттаманың шарттарымен келісетіні туралы хат ұсынады;

5) тендерлік өтінімді қамтамасыз етудің енгізілуін растайтын құжатты;

6) әлеуетті өнім беруші жүргізілетін сатып алушың нысанасы болып табылатын жұмыстарды орындау не қызметтерді көрсету үшін қосалқы мердігерлерге (бірлескен орындаушыларға) беруі мүмкін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің шекті көлемдерін;

7) соңғы үш жылдағы тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ұксас сатып алу бойынша бұрын орындалған шарттар туралы ақпаратты;

8) егер мұндай талаптар техникалық ерекшелікте белгіленген болса, әлеуетті өнім беруші жұмыскерлерінің біліктілік сәйкестігі туралы ақпаратты қамтиды.";

мынадай мазмұндағы 212-1 және 212-2-тармақтармен толықтырылсын:

"212-1. Реттеліп көрсетілетін қызметке тең қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін бір мезгілде осы қызметтерді тұтынуышы болып табылатын табиғи монополиялар субъектісі нақты пайдалану басталған сәттен бастап он екі ай ішінде кәбілдік кәріздің барлық көлемінің 75%-ынан аспайтынын пайдаланады.";

"212-2. Табиғи монополиялар субъектісі еңсерілмейтін күш мән-жайларын қоспағанда, пайдаланылмайтын кәбілдерді кәбілдік кәрізден уақтылы алыш тастау арқылы үш айдан астам іске қосылмаған активтерді тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді".

3. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрі

Б. Мусин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Бәсекелестікті қорғау және

дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының

Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш

өнеркәсібі министрі

2023 жылғы 23 қантардағы

№ 22/НҚ Бұйрыққа

қосымша

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму

министрлің міндестін

атқарушының

2016 жылғы 28 қантардағы

№ 120 бұйрығымен бекітілген

Кәбілдік кәрізді пайдалануға беру қағидалары

1. Осы Кәбілдік кәрізді пайдалануға беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 1-тармағының 8-6) тармақшасына сәйкес әзірленді және кәбілдік кәрізді пайдалануға беру тәртібін айқындауды.

2. Осы Қағидаларда мынадай түсініктер мен қыскартулар қолданылады:

1) кәбілдік кәріз – байланыс кәбілдерін төсеуге, құрастыруға және техникалық қызмет көрсетуге арналған жерасты құбырлары мен құдықтардың жиынтығы;

2) кәбілдік кәріз арнасындағы орын – кәбілдік кәріз арнасында байланыс кәбілі орналастырылатын орын (аудан);

3) кәбілдік кәріздің бос сыйымдылығы – пайдалануға қолжетімді және кәбілдік кәріздің жалға берушісі жуырдағы он екі ай ішінде пайдалануды көзdemеген, резервке/броньға қойылмаған кәбілдік кәріз арнасының/арналарының көлденең қимасының бос ауданы;

4) кәбілдік кәрізді жалға алушы (бұдан әрі – жалға алушы) – кәбілдік кәрізді жалға берушіден кәбілдік кәрізді пайдалануға беру жөніндегі қызметтің шарт талаптарына сәйкес алатын жеке немесе заңды тұлға;

5) кәбілдік кәрізді жалға беруші (бұдан әрі – жалға беруші) – шарт талаптары бойынша жалға алушыларға кәбілдік кәріздегі арнада байланыс кәбілдерін жүргізу үшін орын беретін, кәбілдік кәріздің иесі болып табылатын жеке немесе заңды тұлға;

6) кәбілдік кәріз құбыржолының арнасы (бұдан әрі – арна) – байланыс кәбілдерін жүргізуге арналған кәбілдік кәріз құбыржолының ішкі қуысы;

7) кәбілдік кәрізде кәбілді төсеуге арналған техникалық талаптар (бұдан әрі – ТТ) – кәбілдік кәрізді пайдалануға алу үшін техникалық талаптар;

8) кәбілдік кәріз мәселелері жөніндегі комиссия – уәкілетті органның, "Атамекен" Қазақстан Республикасы ұлттық кәсіпкерлер палатасының және салалық қауымдастықтардың өкілдерін тарта отырып уәкілетті орган құратын алқалы орган;

9) өтініш беруші – кәбілдік кәрізді пайдалануға беру жөніндегі қызметтер көрсетуді жүзеге асыру үшін жалға берушіге өтініш берген жеке немесе занды тұлға

10) рұқсат-наряд – жазбаша немесе электронды түрде қағаз тасығышта ресімделген жалға алушының пайдалануына берілген, кәбілдік кәрізде салынған, байланыс кәбілінің жөндеу-қалпына келтіру және жоспарлы-алдын алу жұмыстарын жүргізуге жалға берушінің жазбаша келісімі.

4. Кәбілдік кәрізді пайдалануға беру мынадай:

1) кәбілдік кәрізді пайдалануға беру бойынша қызметтерді алуға еркін нысанда өтініш берушінің жалға берушіге өтінім жіберуі;

2) жалға берушінің ТТ әзірлеуі және оны өтініш берушіге беруі;

3) өтініш беруші үшін кәбілдік кәрізден жалға берушінің орынды брондауы;

4) жалға берушінің кәбілдік кәрізде байланыс кәбілін жүргізудің жұмыс жобасын келісуі;

5) кәбілдік кәрізді пайдалануға беруге шарт жасауы;

6) кәбілдік кәрізде байланыс кәбілін жүргізуге және кәбілдік кәрізді пайдалануға жалға берушінің техникалық қадағалауы кіретін, ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар кешенін білдіреді.

Жалға берушіге кәбілдік кәрізді пайдалануға беру үшін қажетті ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар кешенін ресми интернет-ресурста жариялады.

6. Өтініш жалға берушіге жалға берушінің интернет-ресурсына жіберілген, жазбаша түрде қағаз жеткізгіште ресімделген немесе электрондық түрде беріледі. Өтінішті өтініш беруші жазбаша түрде екі данада береді, оның біреуін кіріс тіркеу нөмірімен жалға беруші өтініш берушіге қайтарады.

7. Өтініштерді жалға беруші олардың келіп тұсу тәртібімен, бірақ өтініш беруші өтініш берген күннен бастап күнтізбелік он бес күнге дейін қарайды.

Қажет болған кезде жалға беруші өтінішті қарau мерзімін өтініш берушіге хабарлап және ұзарту себептерін көрсете отырып, Қазақстан Республикасы Экімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 76-бабының 3-тармағына сәйкес, он бес күнтізбелік күнге ұзартады.

8. Кәбілдік кәріздің бос сыйымдылығы болмаған кезде жалға беруші өтініш алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде өтініш берушіге, оған қажетті бағыт бойынша шарттық (концессия) негізде қолданыстағы кәбілдік кәрізді кеңейтуді жүргізуі ұсынады.

Жалға берушінің қолданыстағы кәрізді қажетті бағыт бойынша кеңейту жөніндегі ұсынысымен келіспеген жағдайда өтініш беруші уәкілетті органға жүгінеді.

Уәкілетті орган жалға берушінің техникалық шарттарды беруден бас тартуының негізділігін және еркін сыйымдылықтың жоқтығын, көрінеу шектеу шарттарын белгілеу жөніндегі іс-қимылдардың жоқтығын, көрсетілетін реттеліп көрсетілетін қызметке жатпайтын қосымша талаптарды танудың жоқтығын қарау мақсатында кәбілдік кәріз арнасына техникалық байқау жүргізу үшін кәбілдік кәріз мәселелері жөніндегі комиссияны тартады.

Өтінішті қарау нәтижелері бойынша уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес он бес жұмыс күні ішінде өтініш берушіге қабылданған шешім және кәбілдік кәріз арнасын техникалық байқау фото-, видео-материалдарды қоса беріп қорытындылары туралы хат жолдайды.

9. Кәбілдік кәріздің бос сыйымдылығы болмаған және өтініш беруші кәбілдік кәрізді кеңейтуден бас тартқан жағдайда жалға беруші өтінішті алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде өтініш берушіге кәбілдік кәрізді пайдалануға беруден бас тарту туралы жауап береді.

Өтініш беруші жалға берушімен, жергілікті атқарушы органдармен және уәкілетті органдармен келісім бойынша шарттық негізде өз есебінен қолданыстағы кәбілдік кәрізді кеңейтуді жүзеге асырады. Келтірілген шығындардың өтемақысын жалға беруші мен өтініш беруші келіседі.

10. Кәбілдік кәрізде бос сыйымдылық бар болған жағдайда, жалға беруші өтінішті алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде өтініш берушіге ТТ береді, олардың негізінде өтініш беруші байланыс кәбілін жүргізуге жұмыс жобасын әзірлейді немесе әзірлеуге тапсырыс береді.

ТТ беру кезінде өтініш берушінің қаражаты есебінен салынған байланыс кәбілдерін және кәбілдік кәріздің объектілерін жалға берушінің меншігіне беру талабы белгіленбейді.

Өтініш беруші жалға берушімен, жергілікті атқарушы органдармен және уәкілетті органдармен келісім бойынша шарттық негізде өз есебінен кәбілдік кәрізге қосымша арналар өткізуді жүзеге асырады. Келтірілген шығындардың өтемақысын жалға беруші мен өтініш беруші келіседі.

13. ТТ берілген кезде, жалға беруші бір уақытта кәбілдік кәріздің арнасында орындарды брондауды жүргізеді. Кәбілдік кәріздегі орынды брондау мерзімі ТТ қолданылу мерзімінен аспайды.

Жалға берушінің өтініш беруші үшін кәбілдік кәрізде орындарды брондауы берілген ТТ-ға сәйкес әрі қарай пайдалану үшін кәбілдік кәріздің арнасында орындарды өтініш берушіге бекітуден тұрады.

15. Жұмыс жобасына қойылатын талаптар жобалау басталғанға дейін жалға берушінің интернет-ресурсында жарияланады.

16. Жалға беруші қағаз жеткізгіште немесе жалға берушінің интернет-ресурсында электрондық түрде ресімделген, жазбаша түрде жұмыс жобасын алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жұмыс жобасын келіседі немесе өтініш берушіге келісуден дәлелді бас тартуды жібереді.

Бас тартумен келіспеген кезде өтініш беруші жалға берушінің бас тартуының негізділігін қарau үшін уәкілетті органға жүргінеді.

Жан-жақты қарau мақсатында уәкілетті орган жалға берушінің бас тартуының негізділігін қарau мақсатында кәбілдік кәріз арнасына техникалық байқау жүргізу және жұмыс жобасын зерделеу үшін уәкілетті орган жанындағы кәбілдік кәріз мәселелері жөніндегі комиссияны тартады.

Өтінішті қарau нәтижелері бойынша уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Әкімшілік ресімдік-процестік кодексіне сәйкес он бес жұмыс күні ішінде өтініш берушіге қабылданған шешім және фото-, видео-материалдарды қоса беріп, кәбілдік кәріз арнасын техникалық байқау қорытындылары туралы хат жолдайды.

17. Жұмыс жобасы келісілгеннен кейін жалға беруші мен өтініш беруші жұмыс жобасы келісілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде кәбілдік кәрізді пайдалануға беру туралы шарт жасасады.

21. Жұмыс жобасына сәйкес кәбілдік кәрізде құрастыру жұмыстарын жүргізуге рұқсат алу үшін жалға алушы жалға берушіге жазбаша немесе интернет-ресурста электрондық түрде жүргінеді. Өтініште жұмыс жобасына сәйкес жұмыстар орындау жоспарланып отырған кәбілдік кәріздің участекесі (учаскелері) және осы жұмыстарды жүргізу мерзімдері айқындалады.

Өтінішке мыналар:

1) кәбілдік кәріздің участекесінде жұмыстар жүргізетін тұлғалар тізбесі;

2) құрылыш жұмыстарын орындау үшін мердігер ұйым тарту туралы жалға алушының кепілдеме хаты (жұмысқа тартылған жағдайда);

3) келісілген жұмыс жобасының көшірмесі;

4) Шарттың деректемелері;

5) архитектура, қала құрылышы және құрылыш саласында шаруашылық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиялардың көшірмелері немесе осындай лицензиясы бар мердігер ұйыммен жасалған шарттың көшірмелері қоса беріледі.

22. Жалға беруші өтініш тіркелген күннен бастап он жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттарды тексереді, жұмыстардың жүргізу мерзімдері мен тәртібін келіседі, кәбілдік кәріздің техникалық жай-күйін тексереді және жұмыстар орындау жоспарланып отырған участекедегі (учаскелердегі) кәбілдік кәрізді жалға алушыға (мердігерге) осы участеклерде кәбілдік кәріздің нақты жай-күйі анықталатын тиісті актіні ресімдей отырып, тапсыруды ұйымдастырады. Кәбілді жүргізу бойынша жұмыстарды орындау мүмкін болмаган кезде, актімен ақауларды жою тәртібі мен мерзімдері айқындалады.

Ақаулар жойылғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде кәбілдік кәріздің участесін беру туралы тиісті акті жасалады және қол қойылады.

23. Жалға алушы (мердігер) жұмыс жобасына сәйкес кәбілдерді құрастыруды жүргізеді.

Жалға алушының байланыс кәбілі ТТ сәйкес кәбілдік кәріздің жалға алынған бөлігінде орнатылады.

Кәбілдік кәріздегі жалға алушы және/немесе мердігер жүргізетін барлық құрылыш-құрастыру жұмыстары жалға алушы өтініш берген сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде жалға берушінің техникалық қадағалау жөніндегі инспекторымен келісіледі және соның қадағалауымен орындалады.

Байланыс кәбілін жүргізу бойынша орындалған жұмыстардың жұмыс жобасына, қолданыстағы нормаларға және ТТ-ға сәйкестігін белгілеу мақсатында, сондай-ақ жұмыстарды жүргізудің сапасын анықтау үшін бес жұмыс күні ішінде соңғылары қабылдауға жатады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК